

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.345-347

ҚР ШӨЛ ЖӘНЕ ШӨЛЕЙТ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қали Б.Б.

Мал азықтық алқаптардың табиғи өсімдігі әртүрлілігімен сипатталады және ландшафтардың табиғи ерекшеліктерімен байланысты. Шабындықтар мен жайылымдардың геоботаникалық жағдайы табиғи аумақтарға бөліну аймағы шегінде қаралды. Әрбір табиғи аймаққа белгілі бір ауыл шаруашылығы алқаптары мен оларды пайдалану сипаты сәйкес келеді [1].

Отарлы мал шаруашылығы аймақтарындағы маусымдық жайылымдарды пайдалану тәжірибесіне қарағанда жер пайдаланушылықтардың (жер иеліктердің) кеңістік қасиеттері толық жоюға келмейді, өйткені олар, қалыпты өндіріс жүргізу талаптарына сәйкес келмейтін, табиғи жағдайлармен байланысты. Сондықтан мәселе артық алаптары бар шаруашылықтардан жайылымдары жетіспейтін шаруашылықтарға оларды ауыстырып беру, біртұтас ықшамды жер учаскелерін қалыптастыру және соңғыларын негізгі жер пайдаланушылыққа жақындату арқылы маусымдық жайылымдармен қамтамасыз ету деңгейін біркелкілендіруде. Ірілендірілген және шаруашылық орталықтарына барынша жақындатылған, сонымен қатар қолға ұзақ мерзімге қолданысқа берілген отарлық жайылымдар едәуір тиімді пайдаланылады. Осындай жағдайда шаруашылықтар олардың территориясында жақсарту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруға, шопандар мен малшылар жанұяларының мәдени – тұрмыстық деңгейін көтеруге, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салуға мүмкіндік алады [3].

Маусымдық жайылымдардың учаскелерін қалыптастыру және шаруашылықтарға бекіту жөніндегі талаптар олардың кеңістік кемшіліктерін жою мен шектелмейді.

Осымен бірге, бұл жайылымдар өнімділігін өте төмен екенін ескере отырып, әрбір шаруашылықты пішендікқауіпсіздендіру қорымен жыртылған жер есебінен жеммен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру аса маңызды. Бұл агрономиялық есептеулерді жүргізу барысында ескеріледі.

Отарлы мал шаруашылығы жағдайларында малды ұстау технологиясына байланысты мал ұзақ қашықтыққа айдалады. Бір қатар жағдайларда соңғысы жүздеген шақырымға жетуі мүмкін. Малдың жерде мерзімге шоғырлануы әр түрлі аурулардың пайда болуына әсер етеді. Осыған себепті шаруашылықаралық жерге орналастыруды жүзеге асыру барысында мал айдау жолдарын, сонымен бірге зооветеринарлық қызмет көрсету, малды

суару пунктерін талаптарды жан–жақты ескере отырып, дұрыс орналастырған жөн.

Отарлы мал шаруашылығы аймақтардағы маусымдық жайылымдардың пайдалануын ұйымдастыру жөніндегі шаруашылықаралық жерге орналастыру белгілі бір реттілікте жүргізіледі: іс қозғау; дайындық жұмыстар; жобаны жасау; жобаны жер бетіне түсіру және жерді иеленуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттарды әзірлеп иелеріне тапсыру.

Мүдделі заңды немесе жеке тұлғалар іс қозғау кезеңінде жергілікті атқару органдарына маусымдық жайылымдарды үлестіру жөніндегі шаруашылықаралық жерге орналастыру қажеттілігі негізделген өтініш жазып, соңғысы осыған қатысты шешім қабылдайды. Аталған шешім дайындық жұмыстарын жүргізуге құқықтық негіз болып табылады [2].

Дайындық жұмыстарды (алқаптық және камералдық) жүзеге асыру барысында жобаны жасауға қажетті материалдар жинақталады. Олардың құрамына мынандай мағлұматтар кіреді: табиғи мал азықтық алаптарын облыстарға үлестіру материалдары; маусымдық жайылымдарға малдарын айдайтын шаруашылықтар туралы мәліметтер; маусымдық жайылымдарда ұсталатын шаруашылықтар бойынша жоспарланған мал басы; жайылымдарды бағалау және түгендеу жөніндегі материалдарды (олардың суландырылған деңгейі және аудандары, шөп жамылғыларының геоботаникалық сипаты, өнімділігі және т.б.), аталған материалдарды іріктеп зерттеу.

Жобаны жасау негізіне, осымен қатар, мал шаруашылығын және жалпы ауылшаруашылық өндірістің болашақта даму жөніндегі болжау – жоспарлау әзірлемелерінің, әр түрлі топырақ, геоботаникалық, су шаруашылықтық және басқа іздестірулердің мен зерттеулердің мәліметтері көрсетілген, план – картографиялық материалдар мен құжаттар жиналып зерттеледі [3].

Дайындық жұмыстарды жүзеге асырғаннан және жобалау тапсырмасын әзірлегеннен кейін жергілікті әкімшілік аудан бойынша жеке жер пайдаланушыларға маусымдық жайылымдарды бекіту жөніндегі шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасы жасалады. Осы жоба маусымдық жайылымдарды облыстардың, аудандардың және шаруашылықтардың арасында қайта таратып бекітуге немесе тек жеке жер пайдаланушылықтардың кеңістік кемшіліктерін жоюға қатысты болуы мүмкін. Алайда, жоба маусымдық жайылымдар жөнінде болғанымен, жобаны негіздеуге байланысты бүкіл есептеулер негізгі жер пайдаланушылық пен ауылшаруашылық өндірістің даму болашағы ескеріле отырып жүргізіледі.

Әкімшілік аудандардың арасында маусымдық жайылымдарды үлестіру және қайта үлестіру жөніндегі жерге орналастыру іс–қимылдарының мазмұны келесілерге саяды:

1) шаруашылықтар бойынша жоспарланған барлық мал басына қажетті азық көлемі анықталады;

2) аталған кәсіпорындардағы ауылшаруашылық алаптардың аудандары мен егістік құрылымы ескеріле отырып, әр түрлі мал азығы шығымдарының көлемі есептеледі;

3) жүргізілген есептеулердің әрбір шаруашылық бойынша жетіспейтін мал азығының түрлері мен көлемдері айқындалып, маусымдық жайылымдарға айдалатын мал басы жоспарланады [4].

Осыған қосымша, геоботаникалық зерттеулердің мағлұматтары пайдалана отырып, шаруашылықтарға таратуға белгіленген маусымдық жайылымдардың азықтық қоры мен мал сыймдылығы анықталады. Маусымдық жайылымдардың осы сипаттамалары артынан жеке шаруашылықтарға бүтіндей беру мақсатымен, жеке тұйықталған учаскелер бойынша анықталады. Қарастырылып отырған мағлұматтар мен есептеулердің негізінде аудан шеңберінде жер пайдаланушылықтардың межелері белгіленіп бекітіледі. Жобаны жасау барысында әкімшілік аудандарының да шекаралары шамалап өзгертілуі мүмкін. Жер пайдаланушылықтардың межелерін, сонымен бірге аудандардың шекараларын, ландшафттың бүкіл элементтерін ескере отырып, табиғи және жасанды шептермен бойлай жобалаған дұрыс. Қыстық және жаздық жайылымдардың учаскелерін біріктіріп межелес, ал ондай мүмкіндік болмаса оларды барынша жақындатып орналастырған жөн.

Шөл және шөлейт аймақтарындағы табиғи мал азығы алаптарының қазіргі кездегі күйін жерге орналастыру шеңберінде талдаудың нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: соңғы жылдары жүргізілген инвентаризацияның нәтижелері бойынша, әр түрлі себептермен (ластану, деградацияға ұшырау, иесіз қалу және т.с.с.), орасан зор жайылым көлемдері пайдаланусыз қалуда; жайылымдардың едәуір бір бөлігі тапталып эрозияға ұшыраған (көбінесе елді мекендер мен суаттардың маңайында); жалпы алғанда елдің табиғи мал азығы алаптары жүйесіз түрде пайдалануда; отарлы мал шаруашылығы дамыған аймақтарда табиғи жайылымдардың маусымдығы ескерілмей пайдаланылады; маусымдық жайылымдар мал топтарына, өндірістік бірліктерге нақты бекітілмеген және олардың мал сыймдылығы анықталмаған.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі// Астана, 2003ж.
2. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы жер жағдайы және оның пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі // Астана, 2017.
3. Қырықбаев Ж. Қ., Ахметов Е.С., Жұпархан Б. Қазіргі жерге орналастыру-дың және кадастрдың теориясы мен тәжірибесі. Оқу құралы // Алматы, «Эверо», 2014, 96б.
4. Қырықбаев Ж. Қ., Оспанова А.А. Отарлы мал шаруашылығы аймағындағы жерге орналастыру, Оқу құралы // Алматы, «Эверо», 2017, 80б.
5. Morgan E.R.,Torgerson P.R., Shaikenov B.S.,Usenbayev A.E.,Moore A.B.M.,Medley G.F., Milner-Gulland E.J. «Agricultural restructuring and

gastrointestinal parasitism in domestic ruminants on the rangelands of Kazakhstan»
Veterinary parasitology t139-2006y,p180-191.